

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 668 қаулысы
«2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес және Қорғас өзенінің бассейнінде табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне Шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының ауданында Қорғас өзені бойынша қорғау құрылыстарын және «Қорғас» кеденінің ғимараттарын салу» жобасының (Қорғас-1) I-ші кезеңін аяқтауға 2014 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға көзделген резервінен 2293040000 (екі миллиард екі жүз тоқсан үш миллион қырық мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.12.2014 № 1355 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*